

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Қызметтер мына мекенжайда көрсетіледі: Алматы қаласы, Бәрібаев көшесі, 55 (бұдан әрі - Объекті).

1.4. Құрал-жабдықтардың тізбесі, Қызметтер құны мен қосымша ақпараттары Шартқа 1 және 2-Қосымшаларда көрсетілген (бұдан әрі - 1, 2 Қосымшалар).

1.5. Жеткізуші Қызметтерді өз күші және құралдарымен өзінің материалдары мен құрал-жабдықтарын пайдалана отырып көрсетеді.

1.6. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Қағидаларына сәйкес жасалған Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз

ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін Қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық шарт;

2) Қызметтер – Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген және заттық мәні жоқ іс-әрекет.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

тоқсан сайын ақша аудару арқылы Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізушіден Шартқа және оның 1, 2-Қосымшаларына және қос Тарап қол қойған Көрсетілген Қызметтер Актісіне (бұдан әрі – Акт) сәйкес белгіленген тәртіпте ресімделген электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде жүзеге асырады.

Жеткізуші тиісті түрде ресімделмеген электронды шот-фактура мен Актіні берген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Тапсырыс беруші оларға ақы төлеместен кері қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа, тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактура мен Актіні берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқы жоқ.

Шарттың жалпы сомасы Қағидаларда көзделген негіздерді есептемегенде ұлғаю жағына қарай өзгермейді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда

қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.
- 4) Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін тартылатын Жеткізушінің мамандарын Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген Қызметтерді көрсету орнына кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге;
- 5) Жеткізуші қызметкерлерін объектішілік режим бойынша нұсқаулықтан өткізуге;
- 6) Жеткізушіге Қызметтерді көрсетуге Қызметтерді көрсетуді бастаудың болжалды күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей (_____ телефоны, _____ электронды поштасы бойынша) жазбаша өтінім жіберуге;
- 7) егер Құрал-жабдық жұмыс істемеген жағдайда оны пайдалануды тоқтату, оны желіден ажырату және бұл туралы Жеткізушіге жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жедел хабарлауға;
- 8) Жеткізушіде қызмет көрсетіліп жатқан Құрал-жабдыққа өз бетімен жөндеу жүргізбеуге және оны жөндеу үшін Жеткізушінің келісімінсіз сырт ұйымдарды тартпауға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімі кезеңінде, көрсетілген Қызметтерден кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істеулер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе көрсетілген Қызметтерді ішінара немесе толық қабылдаудан бас тартуға және Жеткізушіге жазбаша бас тарту жібере отырып, Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.
- 7) қажеттілігіне қарай Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 8) Жеткізушіден заңсыз іс-әрекеттері салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген залалын өтеуін талап етуге;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;
- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтен ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен жоюға, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде - Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде;
- 5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;
- 7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

- 8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.
- 11) Қызметтерді Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес Шарт аясында көрсетуге;
- 12) Жеткізушінің техникалық қызмет көрсетуінде бар құрал-жабдықты пайдалану қағидалары бойынша Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне нұсқаулық өткізуге;
- 13) Қызметтерді көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті шараларды орындауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Covid-19-ға байланысты қауіпсіздікті сақтау бойынша уәкілетті органның талаптарын орындауға, оның ішінде өз қызметкерлерін жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге;
- 14) Қызметті көрсету кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қауіпсіз және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормалары мен қағидалары талаптарына жауап беретін өзінің құралдары мен материалдарын пайдалануға;
- 15) Қызметтерді көрсету үшін сол жерде бұзылуларды жою және диагностикалау үшін қажетті заманауи құралдарды және құрал-жабдықтарды пайдалануға, білікті қызметкерлерді жұмысқа тартуға;
- 16) құрал-жабдықты пайдалану талаптары мен режимін ескеретін, амортизациялық тозудың бекітілген нормативтеріне сай, істен шыққан немесе жаңартылуы тиіс қосалқы бөлшектерді, топтарды, агрегаттарды және т.б. диагностикалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша құрал-жабдық жұмысын, оның техникалық жағдайын жақсарту, жаңарту немесе ауыстыру бойынша жазбаша нұсқаулық ұсынуға;
- 17) құрал-жабдықтың апаттық жарамсыздықтарын қос Тарап Шартқа қол қойған күннен бастап және 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде қалпына келтіруді қамтамасыз етуге;
- 18) құрал-жабдықтың жұмыс істеуінде пайдалану талаптарын бұзумен байланысты емес 1-Қосымшада тізілген апаттық жарамсыздықтары және қателері туындаған жағдайда, Қызметтерді көрсетуге арналған өтінім бойынша Тапсырыс беруші Объектісіне 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде келуге. Апатты жарамсыздықтарды, қателерді, егер оларды жоюға шығыс материалдары, қосалқы бөлшектер, тораптар, агрегаттар және т.б. қажет болмаса 2 (екі) жұмыс сағаты ішінде жоюға. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде шығыс материалдарын, тораптың қосалқы бөлшектерін, агрегаттарды және т.б. ауыстырумен байланысты құрал-жабдықтың жұмысында апаттық жарамсыздықтарды, қателерді жою бойынша Қызметтің жиынтық құны Шарттың жалпы сомасының 20% (жиырма пайызынан) аспауы керек, бар жарамсыздықтарды, қателерді 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жоюға. Егер Объектідегі құрал-жабдықтың апатты жарамсыздығын жою бойынша Қызмет құны келісілген мөлшерден асса, осы Қызмет мерзімі мен құны Тараптармен жазбаша түрде қосымша келісіледі;
- 19) көрсетілген Қызметтерді Акті негізінде беруге;
- 20) Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап орындалған Қызметтерге 6 (алты) ай кепілдік мерзімін белгілеуге;
- 21) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Шарт бойынша Қызметтерді көрсету кезінде Тапсырыс берушінің мүлігінің оқыстан бүлінуі немесе оқыстан зақымдалу тәуекелін көтеруге және Тапсырыс берушіге зиянды өтеп беруге;
- 22) рұқсаттама құжаттарын (егер қызмет рұқсатты міндетті алуын немесе уәкілетті органның

келісiмiн талап ететiн болса Қызметтердi көрсету құқығына құжаттың нотариат куәландырған көшiрмесi) қос Тарап Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде беруге;

23) Тапсырыс берушi Объектiде рұқсатнамалық және объектiшiлiк режимдердi сақтауға;

24) Шарт бойынша мiндеттемелерiн орындау уақытында Жеткiзушi кiнәсiнен келтiрiлген зиян немесе кеткен қателiктер себебiнен Тапсырыс берушiге үшiншi тұлғалардың қойған даулы мәселелерiн (үшiншi тұлғалардың талаптары және/немесе сындары) Тапсырыс берушiнi iске араластырмай өздiгiнен өз қаражаты есебiнен шешуге;

25) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 2 (екi) жұмыс күнi iшiнде Объектiлерге кiру рұқсатымен қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушiге жеке деректерiн көрсете отырып қызметкерлерiнiң тiзiмiн беруге;

26) Шарт бойынша мiндеттемелердi орындамағаны немесе тиiсiнше орындамағанына байланысты, оның iшiнде ақауларды жою жөнiндегi шығыстарды өздiгiнен көтеруге;

27) әр Қызметтердi көрсетудi аяқтағаннан кейiн қажеттiлiгiне қарай Қызметтердi көрсету орнын тазалауға мiндеттенедi.

3.4. Жеткiзушi:

- 1) Қызметтердi көрсеткен кезде бiрлесiп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткiзушiнiң бiрлесiп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемiнiң үштен екi бөлiгiнен асатын Қызметтер көлемiн беруге рұқсат етiлмейдi;
- 2) Тапсырыс берушiден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшiн қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетiлген Қызметтер үшiн төлем алуға **құқылы**.
- 4) *Тапсырыс берушiмен алдын ала жазбаша келiсе отырып бiрлесiп орындаушыны тартуға құқылы.*

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗIМI ЖӘНЕ ОРНЫ

- 4.1. Қызметтер көрсету мерзiмi – 2022 жылғы сәуiр – желтоқсан.
- 4.2. Қызметтер көрсету орны: Алматы қаласы, Бәрибаев көшесi 55.

5. КӨРСЕТIЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДI ҚАБЫЛДАУ-ӨТКIЗУ ТӘРТIБI

- 5.1. Жеткiзушi Шартта көзделген Қызметтердi көрсеткеннен кейiн бұл туралы Тапсырыс берушiге хабарлайды және қол қою үшiн Актiнi жiбередi.
- 5.2. Тапсырыс берушiде көрсетiлген Қызметтер бойынша Жеткiзушiмен ескертулер мен келiспеушiлiктер болмаған жағдайда, қос Тараптың жауапты тұлғалары Актiге қол қояды.
- 5.3. Тапсырыс берушi көрсетiлген Қызметтер бойынша ескертулер немесе келiспеушiлiктер болған кезде көрсетiлген Қызметтердi қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдi бас тартуды жiбередi, ал Жеткiзушi бұл туралы Тапсырыс берушi хабарлаған күннен бастап күнтiзбелiк 7 (жетi) күн iшiнде көрсетiлген ақауларды жоюға мiндеттi. Бар келiспеушiлiктер жойылғаннан кейiн қос Тараптың уәкiлеттi тұлғалары Актiге қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШIЛIГI

- 6.1. Тараптар Шарт бойынша өз мiндеттемелерiн орындамаған немесе оны тиiстi түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін (Шарттың Жалпы сомасы 100-ы АЕК-ке дейін болғанда кемінде 1%-ы, Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болғанда кемінде 0,5%-ы), бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұлды;
- 2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда -ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;
- 3) Көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда:
 - көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыру барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге;
 - кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттемелерге мөлшерлес, Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлеген соманы қайтарады.

6.3. Шарттың 7-бөлімін Тараптар бұзған жағдайда конфиденциалды ақпаратты ашқан Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Жеткізушінің Шарттың 3.3-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес Қызметтерді көрсету барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсыну фактілері анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші көрсетілетін Қызметтердің көрсетілу барысы туралы дәйекті ақпаратты дереу ұсынады.

7. ҚОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - аты-жөні.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ___ тыын (_____ тенге ___ тыын), <без учета суммы НДС>.

